Есіл ауданының «Есіл қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ жанындағы «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылық» ШЖҚ МКК орталық қазандығы бойынша ұзақ мерзімді кезеңге жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметі бойынша тариф және тарифтік сметаны бекіту туралы өтінім бойынша жария тыңдаулар өткізуі хаттамасы

Департаменттің орналасқан жері: Көкшетау қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 73, 4 қабат.

Табиғи монополия субъектісінің атауы: «Есіл ауданының ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮИ бөлімі» ММ жанындағы «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылығы» ШЖҚ МКК.

Субъектінің орналасқан жері: Ақмола облысы, Есіл қаласы, Б. Момышұлы көшесі, құрылыс 20.

Реттелетін қызмет түрі: жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу.

Жария тыңдаулар өткізілетін орны: Ақмола облысы, Есіл қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 20 құрылыс, «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылық» ШЖҚ МКК әкімшілік ғимараты.

Жария тыңдаулар өткізу күні мен уақыты: 2026 жылғы 01 қазан, сағат 10:00.

Жария тыңдаулардың төрағасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы - Тореханова Айнур Жумажановна.

Жария тыңдаулардың хатшысы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманының м. а. Байжамуров Абай Талгатулы

Баяндамашы: «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылық» ШЖҚ МКК-нің экономисі Зайферт Ирина Федоровна.

Қатысқандар: 9 адам.

Сонымен қатар, Ақмола облысының, Есіл ауданының тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар жария тыңдауларға онлайн режимінде Департаменттің Facebook (https://www.facebook.com/profile.php?id=100067937962179) әлеуметтік желісіндегі ресми бетінде қатыса алды.

Жария тыңдауға қатысу үшін жоғарыда көрсетілген сілтеме бойынша өту немесе «FACEBOOK» қосымшасына «Ақмола Дкрем» іздеуіне енгізу қажет болды.

Кез келген адам онлайн-режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алды.

Күн тәртібі:

1. Жария тыңдаулар төрағасының кіріспе сөзі;
2. Баяндамашының сөзі;
3. Талқылау;
4. Жария тыңдаулар төрағасының қорытынды сөзі.

Төрағалық етуші қатысушыларды «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылық» ШЖҚ МКК-ның ұзақ мерзімді кезеңге жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тариф және тарифтік сметаны бекіту туралы өтінімін қарау бойынша жария тыңдаулардың мақсаттары мен өткізу тәртібімен таныстырды.

Жария тыңдауларды өткізудің мақсаты – табиғи монополиялар субъектілерінің қызметінің тұтынушылар мен уәкілетті орган үшін ашықтығын қамтамасыз ету арқылы тарифтік саясат саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне ұсынылып отырған бағалар мен тарифтердің деңгейіне қатысты жұртшылықтың, тәуелсіз сарапшылардың, қоғамдық бірлестіктердің, құзыретті органдардың және тұтынушылардың пікірлерін анықтау болып табылады.

Баяндама жасау үшін сөз Есіл ауданының «Есіл қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ жанындағы «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылық» ШЖҚ МКК экономисі Зайферт Ирина Федоровнаға берілді.

Баяндама:

Құрметті жария тыңдаулардың қатысушылары!

Ақмола облысының «Есіл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ жанындағы «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны *(бұдан әрі – «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылығы» ШЖҚ МКК)* Есіл ауданы әкімінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № а-4/167 қаулысына сәйкес құрылған.

Кәсіпорынның құрылтайшысы – Ақмола облысы Есіл ауданының әкімдігі.

«Есіл қалалық коммуналдық шаруашылығы» ШЖҚ МКК-нің мемлекеттік басқару органы – «Ақмола облысы Есіл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Меншік нысаны – мемлекеттік.

Ұйымдық-құқықтық нысаны – мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын.

«Есіл қалалық коммуналдық шаруашылығы» ШЖҚ МКК-нің орналасқан жері: Ақмола облысы, Есіл ауданы, Есіл қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 20-құрылыс. Кәсіпорынды заңды тұлға ретінде мемлекеттік қайта тіркеу Есіл ауданының Әділет басқармасында жүргізілді, бұл 2015 жылғы 20 мамырдағы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамамен расталады. БСН № 080140008518.

Кәсіпорынның дербес балансы, банкте есеп айырысу шоты және басқа да шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған елтаңбалы мөрі, мөртабандары, бланкілері және заңды тұлғаға тиесілі басқа да деректемелері бар.

Жарғыға сәйкес, кәсіпорын қызметінің мақсаты мен мәні – қызмет түрлеріне сәйкес елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде табыс алу.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

– елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, ағынды суларды бұру және коммуналдық қалдықтарды көму);

– мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын күтіп-ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– мемлекеттік автомобиль жолдарын күтіп-ұстау және Қазақстан Республикасының заңнамасына және кәсіпорын қызметінің жарғылық мақсаттарына қайшы келмейтін өндірістік-шаруашылық қызметтің өзге де түрлері.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті РММ-нің 2019 жылғы 13 наурыздағы № KZ08VFF00001623 хатына сәйкес қызмет түрі бойынша: жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау (орталық қазандық) кәсіпорын Ақмола облысы бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің жергілікті бөліміне енгізілген.

Қолданыстағы тариф және тарифтік смета Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті РММ-нің (бұдан әрі – Департамент) 2022 жылғы 28 ақпандағы №39-НҚ «Есіл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ жанындағы «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2022-2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаны, сараланған тарифтерді және есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар (жеке тұлғалар) үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы» бұйрығымен ұзақ мерзімді кезеңге бекітілген.

«Инвестицияға айырбас тарифі» бағдарламасы мүлік иесінің қаражаты есебінен негізгі құралдарды жаңартуға инвестициялар тартуды көздейді және табиғи монополиялар саласына озық инновацияларды енгізуді одан әрі ынталандыруға бағытталған. Бұл шаралар негізгі құралдардың тозу деңгейін төмендетуге, шығындарды азайтуға және реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

«Есіл қалалық коммуналдық шаруашылығы» ШЖҚ МКК-нің экономикалық жағдайын тұрақтандыру мақсатында тарифтік сметаның жобасын ұзақ мерзімді кезеңге қарау және бекіту үшін ұсынады.

Тарифтің қолданылу кезеңінің бірінші (базалық) 2027 жылына жоспарланған шығыс баптары растайтын құжаттар және өткен жылдары нақты жүргізілген шығыстар негізінде қабылданды.

Кейінгі 2028-2031 жылдарға жоспарланған шығыс баптары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің (инфляцияның) болжамды көрсеткіштерін ескере отырып, бірінші (базалық) жылдың көрсеткіштері негізінде қабылданды.

Отын (көмір). Қазандықтардың технологиялық процесінде Б-3 Майкүбі маркалы көмір пайдаланылады. Көмір сатып алу бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады. Көмірге жылдық қажеттілік 20 517,07 тоннаны құрайды.

Амортизация. Есіл қаласының Айтеке би шағын ауданындағы жылу желілерін ауыстыру бойынша қосымша іс-шараларды қаржыландыру көзі амортизация болып табылады. Инвестициялық бағдарлама бюджетінің ұлғаюына байланысты амортизация 63 510,34 мың теңгеге ұлғайып, жалпы сомасы 2 490 145 мың теңгені құрады. Қарыз шарттарына және қаржылық қаражатты қайтару талаптарына сәйкес кредитті пайдаланғаны үшін банкке төленетін сыйақы сомасы 88,29 мың теңгені құрайды.

Өндірістік және әкімшілік-басқару қызметкерлердің еңбекақысы. Қолданыстағы қызметкерлер санының нормативіне сәйкес жүргізілген есеп нәтижесінде қызметкерлер саны 57 адамды құрады. Өндірістік қызметкерлердің еңбекақы төлеу қоры 179 360 мың теңгені құрады, ал әкімшілік-басқару қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 293 586 теңгені, еңбекақы төлеу қоры 20 669,07 мың теңгені құрады. Қызметкерлердің саны – 9 адам, орташа айлық жалақы – 360 000 теңге/ай.

«Табиғи монополиялар туралы» заңға енгізілген өзгерістер қызметкерлердің жалақысын статистикалық деректер бойынша алдыңғы жылы қалыптасқан өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің орташа айлық атаулы жалақысы деңгейіне дейін арттыруға мүмкіндік береді.

ЖЖМ-ге арналған шығыстар. Қазандықтардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, көмірді жеткізу және кәсіпорын бойынша күл-қож қалдықтарын шығару мақсатында келесі техника бекітілді:

– FAW CA 3250 автокөлігі – жылыту кезеңінде орталық қазандықтың отын қоймасына көмір тасымалдау үшін;

– HZM-953 фронтальды тиегіші – көмірді отын беру жүйесінің қабылдау бункеріне жеткізу үшін;

– КАМАЗ 6520-041 (759 AWO3) автокөлігі – көмір тасымалдау және күл-қож қалдықтарын полигонға шығару үшін;

– ЗИЛ Цсм 4503 самосвалы (С 493 BV) – күл-қож қалдықтарын полигонға шығару үшін;

– ГАЗ 3307 ассенизаторлық автокөлігі (С942 КС) – сұйық тұрмыстық қалдықтарды (СҚТ) сорып шығару үшін.

Жүргізілген талдау нәтижесінде жанар-жағармай материалдарына (ЖЖМ) жұмсалатын шығыстар 12 869,32 мың теңгені құрады. 2028-2031 жылдарға арналған ЖЖМ шығыстары инфляция деңгейі ескеріле отырып қабылданды.

Электр энергиясы. Электр энергиясына қажеттілік белгіленген жабдықтар мен олардың жұмыс істеу уақыты негізінде айқындалып, 3 294,72 мың кВт·сағ құрады.

Шикізат және материалдар. Кәсіпорын қызметі барысында кәсіпорын қызметкерлерінің өз күшімен орындалатын профилактикалық және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта шикізат пен материалдар пайдаланылады. Жүргізілген есептеулерге сәйкес материалдарға қажеттілік 3 592,08 мың теңге сомасында айқындалды.

Автокөлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектер. Тұрғындарды жылумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін көмір жеткізуге, күл-қож қалдықтарын шығаруға және жылу трассасындағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған автокөлік техникасы мен механизмдер қажет. Кәсіпорындағы техниканың физикалық тозу деңгейі жоғары болғандықтан, қосалқы бөлшектерді ауыстыруды талап етеді. Техниканы одан әрі апатсыз пайдалану үшін жалпы сомасы 2 081,10 мың теңге болатын қосалқы бөлшектерді ауыстыру қажет.

Өзге де шығындар. Өзге де шығыстардың жалпы сомасы 7 410,64 мың теңгені құрайды. Нақты өзге де шығындарға мыналар жатады: еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына арналған шығыстар, байланыс қызметтері, банк қызметтері, көлік құралдарына салынатын салық, бөгде ұйымдардың қызметтері,

жер салығы, радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін төлем, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, оргтехниканы жөндеу, іссапар шығыстары.

Барлық өзгерістерді есептеу қорытындысы бойынша 2027 жылға арналған тарифтік сметаның бірінші (базалық) жылындағы шығыстар 700 329,61 мың теңгені құрады.

Орташа босату тарифінің деңгейі 14 065,87 теңге/Гкал құрайды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде тарифтік сметаны ұзақ мерзімді кезеңге бекіту туралы өтінімді қарауды сұраймыз.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рахмет!

Жария тыңдаулар аяқталғаннан кейін келесі сұрақтар қойылды:

Төрағалық етуші: *Сіздерде су бойынша шығыстардың ұлғаюына не себеп болды?*

Баяндамашы: *Тарифтің өсуіне байланысты.*

Төрағалық етуші: *Суды кімнен сатып аласыздар?*

Баяндамашы: *Суды өзімізден аламыз.*

Төрағалық етуші: *Сіз автокөлік техникасының маркаларын атап өттіңіз, баланста тағы қандай көлік құралдары бар?*

Баяндамашы: *FAW CA3250 автокөлігі, HZM 953 фронтальды тиегіші, КАМАЗ-6520 автокөлігі, ЗИЛ-4503 автокөлігі, күл-қоож қалдықтарын полигонға шығару үшін пайдаланылатын самосвал (мемлекеттік тіркеу нөмірі С 493 ВУ), сондай-ақ ассенизаторлық ГАЗ-3307 автокөлігі (мемлекеттік тіркеу нөмірі С 942 КС) кәсіпорынның балансында тұр.*

Төрағалық етуші: *Шығындарды бөлу коэффициенті бойынша орталық қазандыққа қатысты жылумен жабдықтау қызметінің үлесі қанша пайызды құрайды?*

Баяндамашы: *87%.*

Төрағалық етуші: *Іссапар шығыстарының ұлғаюына не себеп болды? Қандай мақсаттарға жұмсалады?*

Баяндамашы: *Күнкөріс деңгейінің өсуіне, ЖЖМ бағасының, банк қызметтерінің және ҚҚС мөлшерінің ұлғаюына байланысты. Іссапар шығыстарының мақсаты – бюджеттік өтінімдер мәселелері бойынша және жылу желілеріндегі ақауларды жою.*

Төрағалық етуші: *Сіздерде аварияларды мен жылу желілеріндегі ақауларды тіркеу журналы бар ма?*

Баяндамашы: *Иә, бар.*

Төрағалық етуші: *Кеңсе тауарларына жұмсалатын шығыстардың және автокөлікті күтіп-ұстау шығыстарының ұлғаюына не себеп болды?*

Баяндамашы: *Кеңсе тауарларына жұмсалатын шығыстардың ұлғаюы шарттарды жасасу және қайта жасасу қажеттілігіне, сондай-ақ сатып алынатын өнімдердің бағасының өсуіне байланысты. Қосалқы бөлшектерге жұмсалатын шығыстардың ұлғаюы техниканың айтарлықтай физикалық тозуына байланысты жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігінен туындады.*

Төрағалық етуші: *Сіздер сатып алуды жоспарлап отырсыздар ма, әлде сатып алып қойдыңыздар ма?*

Баяндамашы: *Бір бөлігін сатып алдық, ал қалған бөлігін сатып алуды жоспарлап отырмыз.*

Төрағалық етуші: *Негізгі құралдарға соңғы қайта бағалау қашан жүргізілді? Барлық техника кәсіпорынның балансында тұр, солай ма?*

Баяндамашы: *Иә, дұрыс, барлық техника біздің балансымызда тұр.*

Төрағалық етуші: *Тариф жобасын қайтадан айтып өтіңіз.*

Баяндамашы: *14 065,87 теңге/Гкал.*

Төрағалық етуші: *Өндірістік және басқару персоналы санының ұлғаюына не себеп болды?*

Баяндамашы: *Жұмыстар көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ жылу желілеріндегі ақауларды жою және тиісті жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты қосымша штат бірлігі қажет.*

Төрағалық етуші: *Сіздердің Инвестициялық бағдарламаңызда Айтеке би көшесіндегі жылу желісіне Жамбыл көшесіне өтетін учаскемен бірге жалпы ұзындығы 2,92 км болатын жөндеу жұмыстары көзделген. Осы учаскеде нақты қандай жөндеу жұмыстары жоспарланған?*

Баяндамашы: *Жылу трассасын толық ауыстыру жоспарланған.*

Құрметті жария тыңдаулар қатысушылары, талқыланып отырған мәселе бойынша сіздерде қосымша сұрақтар бар ма?

Сұрақтар жоқ.

Егер қатысушылар тарапынан сұрақтар болмаса, қорытынды бөлімге көшейік.

Қорытынды сөз

Төрағалық етуші «Есіл қалалық коммуналдық шаруашылық» ШЖҚ МКК-ның ұзақ мерзімді кезеңге тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы өткізілген жария тыңдаулардың қорытындысын шығарды, сондай-ақ жария тыңдауларға қатысушылардың пікірлерін ескере отырып, тарифке жүргізіліп жатқан сараптама бойынша түпкілікті негізделген шешім бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланатынын атап өтті.

Қатысқандарыңызға рақмет!

Төраға **А. Тореханова**

Хатшы **А. Байжамуров**